

Сәкен Сейфуллин- поэзия майталманы!

Сәкен Сейфуллин



ӨМІРБАЯНЫ

- 1894 жылдың 15 қазанында қазақтың көрнекті ақыны, дарынды жазушысы, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, кеңестік қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин дүниеге келген еді. Оның азан шақырып қойған шын есімі Сәдуақас, алты Алашқа Сәкен Сейфуллин деген атпен мәшһүр болған тұлғаның бүгін туған күні. ҚазақКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған ол алғашқы білімін Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде алған екен. Әкесі Сейфолла серілігі бар домбырашы, саятшы, сөзге шешен кісі екен-де, шешесі Жамал әңгіме, аңыз-ертекті көпбілетін әрі нәшіне келтіріп айтатын салиқалы ана болыпты.



ЖАЗУШЫНЫҢ
ӘКЕСІ

ОТБАСЫ





ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНДА ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
СҰҢҚАР АҚЫН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ
ЕСКЕРТКІШІ ЖАҢАДАН БОЙ КӨТЕРДІ



АСТАНАДАҒЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН МҰРАЖАЙЫ




СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ӘР ЖЫЛДАРДА ШЫҚҚАН КІТАПТАРЫ



АЛАШ АРЫСТАРЫ: СОҢҒЫ СӨЗ, СОҢҒЫ СУРЕТ



БИЫЛ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮШ БӘЙТЕРЕГІ СӘКЕН
СЕЙФУЛЛИН, ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ, БЕЙІМБЕТ
МАЙЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 121 ЖЫЛ ТОЛДЫ.





3-ШІ БҮКІЛҚЫРҒЫЗДЫҚ ПАРТИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ 1922 ЖЫЛ.
ЕКІНШІ ҚАТАРДА СОЛ ЖАҚТАН САНАҒАНДА ЕКІНШІ ТҰРҒАН СӘКЕН
СЕЙФУЛЛИН.





Сәкен Сейфуллин.
“Көкшетау” поэмасы

□ Көкшетау

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісті

Көкірек канша жұтса, тоясың ба?

Ырғалған көкке бойлап қарағайы,

Қасында көк желекті әппақ қайың,

Жібектей желмен шарпып төңіректі,

Балқытып мас қылады иіс майы.

Қарағай биік шыңды қиялаған.

Еш адам оны барып қия алмаған, -

Шаңқылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып,

Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.

Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,

Басына атсаң-дағы оғың жетпес.

□ Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан,
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,

Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,

Суретті шежіресі өткен күннің,

Сілекей ағызады ертегісі.

Талай сыр ертегіні ел айтады,

Ызындап таудан соққан жел айтады.

Сырласып сыбырласқан жапырақтар,

Күндіз-түн күңіренген көл айтады.

Толғанып төмен қарап шал айтады,

Тамсанып-таңырқанып бала айтады.

Тау-тасты тұнжыраған куә қылып,

От басы қатын-қалаш - бәрі айтады.


Ертегі болмаса да хатта қалған,

Аузында шежіренің қартта қалған.

Қарттардың баян қылған әңгімесін

Есіткен кейінгілер жаттап алған.





СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «АҚҚУДЫҢ АЙЫРЫЛУЫ» ПОЭМАСЫНА ТАЛДАУ



Сәкен
Сейфуллин

Ақсақ

Кіші



- Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ шөл, ойлы-қырлы панасы бар.
~~Сол жерде ел жоқ, көл жоқ өсіп-өнген,~~
Жәндіктің киік деген баласы бар.

Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен.
Киікті атып аңшы өлтіргенде,
Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма
екен.

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Басқаға жануарды-ау теңгермедім.
Көздері мөлдір қара ақ бөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.

- Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мың-мыңдап баяғыда жүреді екен.
Бұл күнде келе жатқан жолаушыға,
Кездесіп анда-санда саяқ некен.

Кей қазақ кәсіп қылып киікті атқан.
Мүйізін пайда қылып-ау шетке сатқан.
Сандалған бір киікті ұшыраттым,
Бір жылы-ау Бетпақ шөлде келе жатқан.

Бетпақта келе жатыр ақсақ киік,
Бір жүріп, бірде тоқтап, басын иіп.
Қоярға шыбын жанын жер таппайды,
Мергеннің кеудесінде болып күйік.

- Тамады қара жерге аққан қаны,
Қиналып ентігеді шыбын жаны.
Боялып ақ денесі қызыл қанға,
Келеді әлі бітіп, жығылады.
-

Сандалып келе жатыр ақсақ киік,
Бір тоқтап, бірде жүріп әлін жиып.
Ақбөкен сахараның ботакөзі,
Атты екен қандай адам көзі қиып.

Ақбөкен сахарада қына терген,
Кім екен жапан түзде сені көрген.
Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,
Дәл көздеп жүрегінен атқан мерген.



**Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім.**

Сәкен Сейфуллин



http://vk.com/mahabbat_kz

**Көңіл қойып, назар
аударғандарыңызға
рахмет!**